



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

«Экономикалық дамудың сын-қатерлері мен перспективалары» атты IV ғылыми-практикалық конференцияға қатысуға өтінім қабылдау туралы

2023 жыл, 1 қыркүйек

Ұлттық Банк «Экономикалық дамудың сын-қатерлері мен перспективалары» тақырыбында **IV ғылыми-практикалық конференцияға** қатысуға өтінім қабылдауды ашық деп жариялайды. Конференция **2024 жылдың сәуір-мамыр айларында Алматы қаласында** өтеді.

Конференцияда экономикалық дамудың өзекті мәселелері бойынша Ұлттық Банк қызметкерлері, академиялық қоғамдастық пен зерттеу ұйымдары жүргізген зерттеу нәтижелері ұсынылады.

Жоғары оқу орындары (профессор-оқытушылық құрам, докторантура, магистратура студенттері) мен зерттеу ұйымдарының зерттеушілерін келесі тақырыптық бағыттар бойынша сессияларға қатысуға шақырамыз:

I. Макроэкономикалық саясат: экономикалық тұрақтылық негіздері:

- Орталық банк және коммуникация: оңтайлы айқындық пен ашықтық;
- Технологиялық трансформация дәуіріндегі экономикалық өсімнің драйверлері;
- Макроэкономикалық тұрақтылық пен тұрақты өсімнің негізі ретінде тиімді макроэкономикалық үйлестіру.

II. Қаржы нарығы – сапалы экономикалық өрлеуді қамтамасыз етудегі сын-қатерлер мен мүмкіндіктер:

- Экономикадағы өсімді инвестициямен қамтамасыз ететін қаржы нарығы;
- Қаржылық тұрақтылық: несие және жүйелік тәуекелдер;
- Қаржы секторының құрылымдық трансформациясы: қаржы платформалары және экожүйелер.

III. Цифрландыру және технологиялық трансформация жағдайындағы адами капитал мен еңбек нарығы:

- Технологиялық өзгерістер мен цифрлық экономика дәуіріндегі жұмыспен қамту;
- Инфляциялық процестер және еңбек нарығы: еңбек нарығындағы өзгерістердің баға динамикасына әсері.

IV. Орталық Азия кеңістігіндегі өңірлік даму:

- Қазақстанның экономикалық байланысы мен өңірлік ынтымақтастық перспективаларын кеңейту;
- Жаһандану жағдайында өңірлік даму факторы ретіндегі интегративті экономика.

Қызығушылық танытушылардан **2024 жылғы 1 наурызға дейін** өз өтініміне (1-қосымшаға сәйкес) зерттеу жұмысын қоса отырып, «конференцияға қатысуға өтінім» деген белгімен conference@nationalbank.kz электрондық поштасына жіберуді сұраймыз.

Конференцияда баяндама жасауға таңдалған авторларға хабарлама жіберіледі.

«Экономикалық дамудың сын-қатерлері мен перспективалары» атты IV ғылыми-практикалық конференцияға қатысуға өтінім

Тегі, аты, әкесінің аты	
Жоғары оқу орны немесе зерттеу ұйымы	
Қатысушы статусы (оқытушы, магистрант, докторант, зерттеуші)	
Зерттеу тақырыбы	
Тақырыптық бағыт	
Байланыс телефоны	
E-mail	

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон арқылы ала алады:

+7 (7172) 77-52-10

e-mail: press@nationalbank.kz
www.nationalbank.kz